

Құрастырушыдан

Онегелі өміріне қанша айналып соқса да

артықтық етпейтін азаматтар болады.

Солардың бірі де бірегейі - Озбекәлі Жәнібеков.

К.Ергөбек.

Озбекәлі – казак халқының ақ, адал, таза, қорғанды перзенті. Білгені көп, ойшыл, дана туган азамат. Бойына біткен қорғандылығы мол елін, жерін жақсы қорғандылық қасиеті жоғары жан болды. Отызыншы жылдары жазықсыз жазаға ұшыраған халқымыздың ұлылары Шәкәрімді, Ахметті, Мағжанды, Жүсіпбекті, Міржәқыпты және де басқа казактың марқасын азаматтарын ақтап алудағы парасатты, қайсар, ойлы қимылдары ел есінен кете қоймас.

Тарихшы-этнограф, өнертанушы ғалым, жазушы Озбекәлі Жәнібеков өзінін «Жолайырықта», «Қазак қолтумасынын мәдениеті», «Жангырық...Алтын домбыра жайындагы аңыздын ізімен», «Уақыт керуен» атты еңбектерінде айтқан қазактын тарихы мен этнографиясына, дәстүрлі өнері мен шығармашылығына байланысты түжырымды ой-пікірлері, қазіргі таңда үлкен орын алып отыр. Оз еңбектерінде алғашқы аншынын қосы мен кепесінен жылжымалы және тұрақты баспаналардын сонгы үлгілеріне дейін жүздеген, тіптен мындаган жылдар бойы қалыптасқан халық сәулеткерлігін зерттеп келді. Жүргізген тарихи, археологиялық және этнографиялық зерттеулерінде, озі жинаган мәліметтерге сүйене отырып, қазакқа тән жылжымалы баспананын түрлерін-қос, күрке, абылайша, туырлық үй, ақүй, қаравүй, отау, орда деп, тұрақты мекенжайдын үлгілерін-шошала, қоржынүй, тоқалтам, тіркеспе, шарбақүй, дүкен, қыстық деп жіктегені ғылыми түрғыда үлкен орын алып отыр.

Халқымыздын қазак, қыпшақ атанып жүріп, торт түлік мал ұстап, қашпелі өмір кешкен тұсындагы негізгі баспанасы-қиіз үй болғанын айта келе, онын қашпелі халықтардагы баспананын қай-қайсысынан болса да шоктығы жоғары, жылжымалы тұргын үйдін ең жетілдірілген түрі болғанын айтады. Қиіз үйдін қазіргі тұрмысқа да қызмет ете алатынын ескере отырып, қиіз үй жасау ондірісін Манғыстау, Сырбойы, Талас-Шу өңірлерінде жақсы дамығанын айта кетеді.

Өмірі өнегелі болып отырған О.Жәнібековтын 80 жылдығына орай, арнайы кітапхана «**Өмірі өнеге, тірлігі тағылым**» атты библиографиялық қорсеткішті оқырман қауымға ұсынып отыр.

Өмірдебек

Озбекәлі Жәнібеков 1931 жылы 28 тамызда Отырар ауданы жеріндегі Арыс озенінін Сырга квяр тусындагы «Сарыкамыс» конысында туган. 1938 жылы сол кездегі Овцевод вжымшарынын мектебіне окуга барады. 1945 жылы Шәуілдірдегі Жамбыл атындагы орта мектеп-интернатында оқып, 1948 жылы бітіріп шыгады.

1952 жылы Алматыдагы Казактын Абай атындагы педагогикалык институтын бітіреді.

1952 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Келес ауданындағы «Ленин жолы» орта мектебіне жолдама алып, қызмет жасайды. 1955 жылы Келес аудандық партия комитетіне қызметке шақырылады.

1955 жылдан комсомол жұмысында болды, алдымен Келес аудандық комсомол комитетінің І хатшысы, кейін облыстық комсомол комитетінің хатшысы, І хатшысы, 1971-75 жылдары Торғай облыстық партия комитетінің хатшысы, 1975-77 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті Сыртқы байланыстар бөлімінің меңгерушісі, 1977-84 жылдары Республика Мәдениет министрінің орынбасары, 1984-87 жылдары Алматы облысы Аткару комитеті төрағасының орынбасары болды. 1987 жылы Қазақ КСР-нің Мәдениет министрі болып тағайындалды. 1988 жылдан Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің хатшысы. 1991 жылы 28 тамызда Коммунистік партия тарайды.

Қорнекті мемлекет және қоғам қайраткері, тарихшы-этнолог, өнер зерттеуші О.Жәнібеков ұрпақ мәдениетін жақсартуға, ұлттық мәдениетті дамыту ісіне, халқымыздың болмыс-бітімін, салт-дәстүрін дүниеге танытуға үлкен үлес қосқан ғалым.

Халкымыздын этнографиялык жәдігерліктері, бабалар ескерткіштері, өнері туралы, обылысымыздын тарихы, елдин тарихы туралы «Казактын колтума мәдениеті», «Жангырык», «Алтын домбыра жайлы аңыз», «Уакыт керуені», «Жол айырыкта», «Казак киімі», «Тагдыр тагылымы» деген кітаптар жазды.

О.Жәнібеков үш рет (1966, 1971, 1973 жылдары) Енбек Кызыл Ту орденімен, көптеген медальдармен марапатталган. Бейіті озі туган Отырар ауданындагы Арыстанбаб зиратында.

Казактануга мейлінше мол енбек сінірген ерен тұлға Озбекәлі Жәнібеков козден кетсе де, конілден кеткен жок.

Өзбекәлінін өсиет ойлары

- Казактын қазіргі заманғы ұлт деңгейіне

көтерілуі үшін басты шарттың бірі оның тілін ғылым мен техниканың, іскер қауым мен сыртқы байланыстардың, президент аппараты мен парламенттің, үкімет пен жергілікті басқару орындарының, армияның тіліне айналдыру дейтін болсақ, мұнда оған да қатысты шешімін күтіп тұрған мәселелер жеткілікті. Осы тұрғыдан алып қарағанда, орталық баспасөзде жарияланған «Қазақстан республикасы тіл саясатының тұжырымдамасы» мен «Тіл туралы заңның» жана жобасының ұсынылғаны күпталық болды. Осыған байланысты, бәлкім, 1944 жылға дейін республикада жүргізіліп келген қазақ тілін білуге ынталандыру саясатына қайтып оралған да жөн болар дегім келеді.

- Қазір Қазақстан отаншылдығы (патриотизмі)

деген мағынаға үлкен мән берілетіні байқалып жүр. Мұның бүгінгі таңда өте орынды қойылып отырғанына күмәндануға болмайды. Бірақ оны қазақ отаншылдығынан бөлек - жара қараудың қисыны жоқ. Ойткені, кәдімгі өзіміз қолдайтын жалпыға ортақ интернационализмнің өзі ұлттық мақтаншылдан, туган жерде қалыптасатын кіші отаннан, оның салқын самалынан, хош иісінен, тіпті балалық шақтың ертегілерінен, ән-күйлерінен, ойындарынан, сайып келгенде, от басындағы наным - танымнан нәр тартатыны белгілі. Мұның өзі халық педагогикасымен, әлеуметтік тәлім-тәрбие жүйесімен, оның мұқият

үйлестірілген имандылық - эстетикалық қағидаттарымен байланысты орбитін күйылыс.

- Қазір бәрімізді аландатып отырған көп

келенсіздіктің, әсіресе тәртіп бұзушылықтың, қылмыскерліктің, жезокшеліктің, нашакорлықтың өрістеуі, ең алдымен мектепті былай қойғанда, «от басы, ошак қасындағы» тәлім-тәрбиеге байланысты. Туган-туыскандарға мейірімді болу, үлкенді сыйлау, кішіге зиялық, уақыт өткен сайын үлгіге түсетін қарттарға, мүгедектерге деген қамқорлық қазақ дәстүріндегі ерекше мән берілетін, халықтың қанына сіңген ұлттық игі қасиеттер болған. Егер байыбына барсақ, мұның өзі белгілі бір мөлшерде жеткіншек ұрпаққа қамқорлықтан туган.

- Жыл өткен сайын алшақтап бара жатқан

адам мен табиғат арасындағы сәйкессіздік анау, бірінен сон бірі апат аймағына айналып жатқан аудандардың көбейе бастағаны мынау. Сонғы кезде «экология» деген түсініктің өзіне де жұрт үлкен мән беретін болып жүр... Рухани экология, имандылық, адамгершілік, мейірімділік, мәдени экология деп те айтатын болдық. Осы бағытта қоғамтанушы ғалымдар да игілікті іс атқара алар еді.

- Ойлап қарасақ, шәкірт мектеп бағдарламасы

бойынша көзі көріп, құлағы естімеген аймақтардың жер қыртысы, ауа райы туралы оқиды екен. Бұл дұрыс-ақ болсын, оның білімін толықтырады, баланың дүниетанымын кеңейтеді делік. Ал оның керісінше өзі өскен, өзі тұратын жердің географиялық жағдайын, экологиялық және экономикалық жағдайы жайында ештеңе сезбейтін ересек адамдар пайда болады емес пе? Бұл шындық. Окінішті, әрі жедел қолға алатын мәселе.

- Ия, пәззенттік пәрыз деген қасиетті

ығымның қадірін түсініксіз алдық, ағайын. Үлкеннің алдын орап сойлегеннің өзін әдепсіздік деп санайтын қазақтан әкесі мен шешесін сыйламайтын, атасы мен әжесін әжуалайтын, тіптен оларға қол жұмсайтын жастар да тұа бастағаны өкінішті-ақ. Үйдің болмесін болісе алмайтын, ата-анасымен сөттасып жататындардың да хабары бізге жетіп жатады. Бұрын мұндай сұмдықты естімейтін едік. Қазір қарттар мен мүгедектер үйлерінде қазақтың 700-ге жуық кемпір-шалдары бар. Біреулер «бұл онша көп емес қой, оны несіне сөз қылады» деуі де мүмкін. Олай болса, осыдан небәрі 5-6 жыл бұрын мұндайлар қазақтан ілуде біреу ғана болғанын да ұмытпалық!

Ел-жұрты еске алады

Арка сүйер акылшымыз еді.

Казак кыздарына аганы арка түту деген ізгілік болса, сондай медет сүйенішті мен Озбекәлі Жәнібековтен көп көрдім. Арыс қаласында ешкімге беймәлім жұмыста жүрген жерімнен облыстық комсомол комитетінің үгіт-насихат бөліміне жұмысқа шақырды. Озекен жас азаматтың бойынан жыл өткен жалынды байқаса болды, оның ұлтына, шыққан тегіне қарамай, қыр сонынан қалмайтын. Оған әртүрлі тапсырмалар беріп, озіне қаратып алатын да, өміріне үлкен жаналық сыйлап, оның ойына кірмеген биіктерге талпындырып, қияға ұшыратын. Озекен баулыған, бауырынан қанаттанып ұшқан шәкірттерді қайда да болса көптеп кездеседі.

Пайғамбар жасынан енді ғана асқан аптал азамат, талғампаз ұстаздың мезгілсіз қазасы жайлы хабар дөңемді мұздатты. Озекеннің кезекті тапсырма үстінде айтқан: «Дүйсенқұл, сенің анаң бар екен. Ал менің анам – елім. Сол елге өле-өлгенше қызмет ету борышым» деген сөзі жадымда жанғырық атты. Ел үшін еңбек етудің ерен үлгісі сәт сайын биіктей берсе керек.

Қайраткер-зейнеткер Дүйсенқұл Бопова

Арыған сайын тын жортқан.

Ол кісі туралы аңыздайтын хикаялар аз айтылмайтын-ды. «Алматыда айтыпты, Торғайда бұйтіпті, Түркістанда сойтіпті..» басқа тірліктерін былай қойғанда, тарих-этнография, ұлттық қолданбалы өнердің аргы-бергі жақтары, музей ісі, әдебиеттану салаларындағы зерделі зерделеулері, талғамды туындылары Озекенді орелі биіктерге көтерді. Ол Қазтуған жыраудың «Арыған сайын тын жортарын» жиірек қайталайтын. Озі де сойтты.

«Халык үшін жаралған тосын кісі қасіретпен қайраттын қосындысы», - деген еді дауылпаз ақынымыз Хамит Ергали қасиетті тұлғалар турасында. Озбекәлі ағамыз-сондай тұлғалардың бірі. Тәкен Әлімқұловтың Бабатаға мәңгі қоныс аударғанындай, Озбекәлі Жәнібековтің Отырарға мәңгілік оралуы да тегін емес.

Жазушы М.Байғұт.

Сол мектеп қабырғасында-ақ Озбекәлінің өнер десе ішкен асын жерге қоятын қуштарлығы тандандыратын. Қашан, қайда, кімдердің басқосуымен талқыланып жатқан, ұйғарылған, заман жүзіне енген өнер, мәдениет мәселелері болса, Озбекәлінің аузынан бірінші еститінбіз. Кішкентай ауылымыздың қазақтың ежелгі тарихына, қоныс сарынына, қолданбалы өнер әлеміне ашқан үлкен терезесі-Озбекәлі болатын. Кейіннен бұл терезе бүкіл еліміздің этнография ендігімен дәуір тереніне ашылған есігіне айналды.

Жеті жұрттын адырнасындай жетімдіктің жүрегінен көтерілген қадірлі дос, кимас бауырымыздың қазасы жан жүрегімізді езіп кетті. Қамыққан қонілге демеу – соңғы тынысынан кейінгі шын өмірінің туган топырағында жалғасатындығы.

Әмір Мұсақұлов,

ХКТУ Шымкент бөлімшесінің доценті.

Азамат керек өзіндей.

Отаным, Елім, Жер дейтін

Руга, жүзге болмейтін.

Тамыры жатқан теренде

Тарихын елдің біл дейтін.

Халықтан жүрер болынбай,

Азамат керек өзіндей.

Намысты колдан бермейтін

Алысқа қулаш сермейтін.

Желбуаз, жемкор пендені,

Шамына тиіп жерлейтін.

Ак кайынның безіндей,

Азамат керек озіндей.

Олкені әнмен тербейтін,

Онерін елдің қор дейтін.

Казак үшін аянбай

Жанынды да бер дейтін.

Кешегі баба қозіндей,

Азамат керек озіндей.

Баскамен ірген тен дейтін,

Үлты үшін терлейтін,

Күшагын ашып, мейіріммен

Бар казакка кел дейтін.

Уызы ұлттын соліндей,

Азамат керек озіндей.

Аман болса алтын күрсак аналар,

Туар әлі Озбекәлі даналар.

Казагымнын маркаскасы еді-ау деп,

Енбегінді кейінгі ұрпак багалар.

Өзбек Мукашев,

Аркалык каласынын Күрметті азаматы

Өзбекәлі ага дүние салганда...

Мандайына біткен халкымнын

дара түлгә, жан ага.

Сонгендей кокте алтын Күн,

түнерді бүгін дала да.

Жайсандар кетті.

Кім калды?

Сәуле себуші ен санага.

Сүнкардай сүлү түлганды

сүм ажал алып бара ма?

Сүйсінсен жүзін нүрланып,

жалгандык сезсен, шарт сындын.

Онерлі болса, түлгә гып,

жас балага да бас бүрдын.

Жарамсактарды жаскадын,

шындыкты айтудан кашпадын.

Кандай сайларда жүрсен де,

биіктерге елді бастадын.

Карттардын көзі бүлдырап,

бауырлар калды түнжырап.

Олімге Сізді кия алмай,

Карындастарын түр жылап.

карындастарын түр жылап.

Мекен гып мәнгі сыз жерді

каласыз ба мынау далада?...

Кара жерге беріп Сізді, енді

калай кетеміз, жан ага?

Өулиедей улын елейді ел,

нүр токсін Алла-тагала.

Рухынмен елді жебей гор,

Кош деймін... кайтем, жан ага!

Фарица Онгарсынова,

Қазақстанның халық жазушысы, акын

Өзбекәлі аға

Білем сені, жан аға, жас кезімнен,

Махаббатқа, бакытқа мас кезімнен.

Сойлетіп ең Қазан вокзалында

Шықпап еді сонда бір жас қозімнен.

... Бірі білмей қазақтың бірі біліп,

Жүрген тұста жанымды бір ұғынып.

Жырларымды ЦК-нын бюросында

Талкылаттын,

Үмытпаймын мен оны тірі жүріп.

... Оттін сен де, жан ага, талай жолдан.

Калай болды, белгілі калай болган.

Жан гүлімді акырын ашкан сайын

Тагдырынды сенін де сан ойлагам.

Бірде биік, бірде үштын сен томендеп,

Бірақ боска кетпеді еткен енбек.

Жүрдін үнсіз бәріне тозіп, шыдап,

Кірдің елдің жанына коп терендеп.

Бірден кайдан кете алсын үміт гүлдеп,

Сокты алдыннан жел гулеп, суык гулеп.

Ел аузынан тастамай айтып жүрді,

Ел тізгінін ұстайтын жігіт бұл деп.

Ел тізгінін ұстатты, ой тізгінін,

Токсан ойға сүйреді тойсыз күнін.

Бердін жұртқа бойдағы асылынды,

Кордін талай тірліктің жайсыздығын.

Камкор қозбен қарады маған дәйім,

Бірге өсіп, бір туган ағамдайын.

Шапағатпен өзінді еске алармын,

Таусылатын кезде де жанар майым.

Күлап жатыр жұлдыздар көктен ағып,

Ер жеткен біз ұрпақпыз орттен калып.

Мен секілді талайдын бағын аштын,

Кемітпедін ешкімді беттен қағып.

Есімінді еліннің кен даласы

Ардақтайды, сен бе едін кем бағасы.

Шындық бүгін шырмап бір көкке шықты,

Сол шындықтың өзінсін бел баласы.

Сен шындықсын-шындықтай көлбеттісін,

Талайлардың жүрегін тербетті ісін.

Торт ағанды тірілтін олды деген,

Жетіп соған ақылың, жүрек күшін.

Сен шындықтың желісін соғып тұрған,

Білігіне кетейін болып құрбан.

Жомартымсын бүгінгі туган елге

Уақыт озі әкеліп жолықтырған.

Озбекәлі көтерген алаулардың,

Шүкір оған, ішінде мен де бармын.

Тынысымды бұдан да кен алармын,

Демалатын кезімде демалармын.

Мүмкін саған бала боп қорінемін.

Мені алыстан шақырған өрім едім.

Жетім күнде аялы алақан боп

Жетуіме жәрдемші болып едін.

... Кайгы да отті басыннан, кұса да отті,

Коз алдыма коп келді кұс әдепті.

Асыл аға, кеудемде озін жайлы

Жүрген олен, кагазга түсе кетті.

Омір бойы бір максат қуаладын,

Топтан озып демей-ак ту аламын.

Елдің камын ойлаған азаматқа,

Бердім мен де жанымнын бір алауын.

Сенімісін сен менін мәнгі кұптар.

Корген жақсылықтарын кім ұмытар.

Ел сенетін кісінін биіктерде

Жүруінін озінде зандылық бар.

Шыгып жүрсін жерінен елін күткен,

Мен караймын озіне тек үмітпен.

Биігінде бола бер, биігінде

Сәулен елге түсер сол биіктен.

1988ж.

Түманбай Молдағалиев,

Қазакстан халык жазушысы

Пайдаланылган кыжаттар

1. 63.5(5Каз) Аргынбаев;Х.

Казак халкынын колонері [Мөтін] /Х.Аргынбаев.-Алматы, 1988.

2. 63.5(5 Каз) Аргынбаев,Х.

Казактын малшаруашылыгы жайында [Мәтін]: этнорафиялык очерк /Х.Аргынбаев .-Алматы, 1967.

3. 63.5(5Каз) Жәнібеков,О.

Жолайырыкта [Мәтін]: кокейкесті такырыпка сүхбат /О.Жәнібеков.-Алматы: Рауан,1995.-111 б.

4. 9(5Каз)я2-ОК

Оңтүстік Казакстан: шығармашыл «Нұрлы Өлем»,2001.-320 б.

зиялылар [Мәтін].-1 басылым.-Алматы:

5. Ергобек,К.

Бас музейші [Мәтін]/К.Ерголек //Егемен Каз.-2008.-26 наурыз.-Б.4.

6. Шагатай,Ж.

Карайлап алды- артына гүмыр кешкен... [Мәтін] /Ж.Шагатай //Түркістан.-2007.-№6.-Б.11.

7. Жолдасбеков,М.

Омірі - онеге, тірлігі - тағылым [Мәтін] /М.Жолдасбеков //Егемен
Каз.-2006.-27.желтоқсан.-Б.4.